

**«2026 жылға арналған (түзету) «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ және «Доссормұнайгаз» МГӨБ кейбір нысандарының игеру және ұнғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша**

**ашық жиналыс арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдау хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:

**Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің аппараты**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

- 1) «Ембімұнайгаз» АҚ «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өнеркәсіптік алаңдарында атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің 2026 жылға арналған (түзету) жобасы.
- 2) Терең-Өзек кен орнында көлбеу сағасы бар №750 өндірістік көлденең ұнғыма құрылысының жеке техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 3) Терең-Өзек кен орнында көлбеу сағасы бар №751 өндірістік көлденең ұнғыма құрылысының жеке техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 4) Терең-Өзек кен орнында көлбеу сағасы бар №752 өндірістік көлденең ұнғыма құрылысының жеке техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 5) Қарасор Западный кен орнында бағалау ұнғымаларын салудың топтық техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 6) Қарасор Западный кен орнындағы №30 бағытты бағалау ұнғымасының құрылысының жеке техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 7) Қарасор Западный кен орнындағы №31 бағытты бағалау ұнғымасының құрылысының жеке техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 8) С.Нұржанов кен орнында №530 ұнғымасын бүйірлік көлденең окпанын кесуге арналған техникалық жобана ҚОҚ бөлімі
- 9) Батыс Прорва кен орнында жобалық тереңдігі 2800 м газ ұнғымаларын салудың топтық техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі
- 10) Батыс Прорва кен орнында жобалық тереңдігі 2450 м газ ұнғымаларын салудың топтық техникалық жобасына ҚОҚ бөлімі

(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы.

**Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

№	Өнеркәсіптік алаңның атауы	Облыс	Аудан, елді мекен	Координаты, градус, секунд		Алып отырған аумағы, гектар
				5	6	
1	2	3	4	5	6	7
1	«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ	Атырау	Жылыой ауданы,	45.57' 7"	53.17' 26"	19,48

		Қосшағыл ауылы		
--	--	----------------	--	--

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы**

(белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

**«Ембімұнайгаз» АҚ», Атырау облысы, Атырау қаласы, Уалиханов көшесі, 1 БСН 120240021112, тел. +7(7122) 99 31 13, 99 31 35 E-mail: info@emg.kmgep.kz**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

**«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-і Атырау филиалы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10 құрылысы, БСН 180541015056, тел. 8 (7122) 305-412, факс: 8 (72122) 305-413, E-mail: atyrau@kmge.kz**

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

**Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: сағ. 14:30 05.03.2026ж**

**Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: сағ.15:00 05.03.2026ж**

**Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: сағ.16:35 05.03.2026ж**

**Қоғамдық тыңдау өтетін орын: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, «Қосшағыл» мәдениет үйі**

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференциялар) өткізілді. **Бейнеконференцияға сілтеме:**

<https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZNzk5Nmt2YmZZN2Fmdz09>

Конференцияның Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597

9. Бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **2,3-қосымшада қоса беріледі.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **4-қосымшада қоса беріледі.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/31122>

жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

**Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының интернет-ресурсында 29.10.2025 ж**

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/1151578?directionId=8251&lang=kk>

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында: **29.01.2026ж. №7 (3439) «Тендер КЗ» газеті (екі тілде), 5-қосымшада қоса беріледі.**

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

**28.01.2026ж. "Caspian NEWS" телеарнасында жарияланғандығы жөнінде эфирлік анықтама, 6-қосымшада қоса беріледі.**

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, Жылыой ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты 1 данадан ілінді. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар 7-қосымшада қоса берілді.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

**Қосшағыл ауыл тұрғыны Шанен Г.М. қоғамдық тыңдаудың хатшысына сайлау бірауыздан қабылданды, барлық қатысушылар саны – 62 адам, «Қарсы емес» - 62 адам, «Қарсы» - 0 адам, «қалыс қалғандар» - 0 адам дауыс берді**

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

**Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: барлық қатысушылар саны - 62 адам, «Қарсы емес» - 62 адам, «Қарсы» - 0 адам, «қалыс қалғандар» - 0 адам дауыс берді. 8-қосымшада қоса берілді.**

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

**«ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі – Сүйнешова К.**

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

**«2026 жылға арналған (түзету) «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ және «Доссормұнайгаз» МГӨБ кейбір нысандарының игеру және ұңғымалардың құрылысы кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша баяндама 9-қосымшада ұсынылған.**

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

**1-қосымшада қоса берілді**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұстанымдар:

**Баяндама бойынша ескертүлер болған жоқ.**

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Сәлімов Жанғазы Берікулы, округ әкімі

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы [қолы]

Күні «06» 03 2026ж

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Шейкел Тұрған Мазұршиқов неке Қжішев

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы [қолы]

Күні «06» 03 2026ж

## Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған /алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	<p><i>Ідірісқызы Г. Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Қайырлы күн, Жылыой аудандық кеңес мүшесімін. Кейбір жағдайда дауыстарыңыз естілмей қалды. Қазір сіздерге естіліп тұр ма?</p> <p>Сіздердің баяндамаларыңызды тыңдап отырмын, «Жылыоймұнайгаз» мекемесінің 12 кен орны бар. Құлсары қаласына жақын маңда орналасқан ең жақын аймақ Құлсары. Сондықтан бұл қоғамдық тыңдалымды Құлсары қаласында да өткізуіңізді сұраймыз. Құлсары қаласынан мекемеден қатысып отырғандар бар шығар, бірақ тұрғындардың ішінен бар ма жоқ па білмеймін. Көріп отырған жоқпын. Жаңа сіздер тыңдалымдарыңызда айтып өткендеріңіздей «Жылыоймұнайгаз» мекемесінің 12 кен орны бар, ішінде Құлсары кен орны бар. Солай ма?</p> <p>Сол себепті, осы кен орнына қатысты тыңдалымды Құлсары қаласында өткізуіңізді сұраймын. Баяндамада айттыңыздар, газдың өзгеруіне байланысты деп, қандай техникалық жобалар өзгеріп тұр сонда? Мен түсінбей қалдым, дауыстарыңыздың кейбірі естілген жоқ.</p>	<p><i>Исмаганбетова Г.Х. – «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі</i></p> <p>«Шикі газды қайта өңдеу саласын дамыту бағдарламасы» (ПРПСГ) өзгеруіне байланысты норматив белгілеу жобасына түзетулер енгізілуде, соның ішінде Қисымбай кен орнындағы №80 ұңғымадағы сынау жұмыстарының жүруіне байланысты өзертүлер енгізіліп отыр.</p>	Сұраққа жауап берілді.
2	<p><i>Ідірісқызы Г. Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Енді қараңызшы осы Қисымбайдағы №80 ұңғымада қандай сынаманың өзгертілуі көрініп тұр? Газ жоғары деңгейде ма? Қандай сыныма жүргізейін деп отырсыз?</p>	<p><i>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы</i></p> <p>Қисымбайдағы ұңғыма ол қазылып, дайын тұрған ұңғыма. Геологиялық қорды растау үшін сынау жұмыстары жүргізілейін деп отыр. Сол газдың көлемі жобалық құжаттама бойынша</p>	Сұраққа жауап алынды.

		сараптамадан өтіп тұр. Сол ұңғымаға біздер сынама жасауымыз керек. Сол жобалық құжаттамада көрсетілген газдың көлемі соған сай ма сай емес пе, сол бойынша рұқсат алып сынама жасауымыз керек. Сынама барысында көрсетілген газ көлемін жағуға рұқсатты Энергетика Министрлігі береді. Рұқсат сұратылып отырған көлемді былтыр жылдың соңында алып үлгермедік. Былтыр жылдың соңында норматив жобаларымен келгенде бұл көлем болған жоқ. 2026 жылға нормативтеу жобасына экологиялық рұқсатымыз бар. Енді қазіргі таңда шығарындыларды нормативтеу жобасына түзету енгізіп отырмыз.	
3	<p><i>Ідірісқызы Г. Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Осыған дейін, әр ұңғымадан сынама өткізбедіңіздер ме ?</p>	<p><i>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы</i></p> <p>Ұңғымалардың түрлері әртүрлі болады, игеру, барлау, бағалау тағы басқалары. Сынау жұмыстары игеру ұңғымаларында жүргізілмейді. Олар барлау, іздеу ұңғымаларында жүргізіледі. Сол себепті 80-ші ұңғымада сынау жұмыстарын жүргізіп отырмыз. Игеру ұңғымаларында сынау жүрмейді.</p> <p>Сынама жасау уақыты әрбір объект үшін 90 күнді құрайды. Ол ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» кодексінде қарастырылған.</p>	Сұраққа жауап алынды.
4	<p><i>Ідірісқызы Г. Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Сұратылып отырған норматив неге көбейіп кетті.</p>	<p><i>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы</i></p> <p>Шығарынды нормативі көбейген жоқ. Көрсетілген диаграммадан қарасаңыз: 2025 жылы 2006 тоннаға рұқсат алынса, нақты шығарынды көлемі - 1259,72тонна. 2026 жылға 2077,72 тонна шығарынды нормативіне рұқсат алсақ, қалған 9 айға сұрап тұрған көлем – 1947,66 тоннаны құрап тұр.</p>	Сұраққа жауап алынды.
5	<p><i>Ідірісқызы Г. Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Слайдта көрсетілген Батыс Прорва кен орында газ өндіретін ұңғымалар қазылады дедіңіз. Сол жөнінде айтып өтсеңіз. Толықтай түсіндіріп жібересіздер ме?</p>	<p><i>Исмаганбетова Г.Х., «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі:</i></p> <p>Жалпы бұл екі топтық жоба бойынша қоғамдық тыңдау 2025 жылы 6-шы қантарда өткізіліп, жоба мемлекеттік сараптамадан өткен болатын. Бірақ қарастырылған ұңғымаларды 2025-ші жылы қазып үлгермегендіктен осы жылы жалғастыру жоспарлануда. Слайдта</p>	Сұраққа жауап алынды.

		көрсетіліп тұрғанда он ұңғыма 2450 метр тереңдікте қазылады деп жоспарланса, 4 ұңғыма 2800м тереңдікте қазылады деп жоспарлануда. Ұңғымалардың тереңдігіне қарай ZJ-20, ZJ-30, ZJ-40, ZJ-50 бұрғылау қондырғылары қолданылады. Слайдта ұңғымалар қазылған уақытта шығындылар, қалдықтар, сарқынды сулар көлемі көрсетілген. Бұрғылау қондырғыларға электроэнергия берілу үшін дизельді электростанциялар жұмыс жасайтын болады. Бұрғылау қондырғылардың қуатына қарай олардың комплектациясы әр түрлі болады. 10 ұңғыма қазылған кезде шығындылар көлемі 622,2 тонна болады. 4 ұңғыма қазылған кезде шығындылар көлемі 185,69 тонна құрайтын болады. 10 ұңғыма қазылған кезде қалдықтар көлемі 9262,63 тонна, ал 4 ұңғыма қазылған кезде - 2806,96 тонна құрайды. 10 ұңғыма қазылған кезде сарқынды сулар көлемі 7956 тонна, 4 ұңғыма қазылған кезде - 182,88 тонна құрайтын болады. Осы көрсеткіштердің барлығы арнайы бекітілген әдістеме аясында жасалып, қазіргі уақытта тексеріске сараптамаға кірді.	
6	<p><i>Ідірісқызы Г., Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Сонда 14 ұңғымадан шығындардың көлемі 807 тонна болады ма?</p>	<p><i>Исмаганбетова Г.Х., «КМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі:</i></p> <p>Иә. Біз шығындардың көлемін есептегенде, мысалы дизельды генераторлардың паспорттары бойынша олардың номиналды расходын алып, құрылыс жұмыстар ұзақтығына қарай шығындыларды есептеп көрсетеміз.</p> <p>Факт бойынша жанар-жағар май қолданылған көлемін алып, сол көлемге байланысты шығындылар есептелетін болады. Есептелген шығындылар көлемі жоба бойынша қойылған нормативтерден асып кетпеуі керек.</p>	Сұраққа жауап алынды.
7	<p><i>Ідірісқызы Г., Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i></p> <p>Ұңғымылар бұрғылау жобалардың ішінде Терең-Өзек кен орны бар. Терең-Өзек кен орнында №750, 751, 752 ұңғымалар құрылысының техникалық жобалары жасалып жатыр. Ұңғыма құрылысы деген қандай жұмыс? Осы Терең Өзек кен орынында экологияны қорғау іс-шаралары дұрыс қарастырылып жатыр ма? Мен Терең Өзек кен орнында майдың төгілуі,</p>	<p><i>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы:</i></p> <p>Экология Кодексі бойынша, егерде «Ембімұнайгаз» АҚ кен орындарында май төгілу фактісі болатын болса, май төгілген оқиға (инцидент) болған жағдайда 2 сағат ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ өкілдері Экология Департаментіне хабарлауы керек.</p>	Сұраққа жауап алынды.

	жердің бүлінуі өте көп деп естідім. Сіздер осындай оқиғаларды анықтадыңыздар ма? Немесе сондай оқиға болған жағдайда, май төгілген жағдайда қандай шаралар қолдандыңыздар?	«Ембімұнайгаз» АҚ барлық май төгілген жерді тазалап, ластанған топырақты жинап, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның шламонакопительдеріне орналастырып Экология Департаментіне төлейтін ақшаның сметасын шығарып, хабарлама береді. Бірақ Терең Өзекте май төгілген жоқ.	
8	<i>Ідірісқызы Г., Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i>  Сондай оқиғалар (май төгілу) бұрын болғаны рас па?	<i>Абитова С.Ж. - «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы:</i> «Ембімұнайгаз» АҚ-да бір ғана сондай үлкен оқиға болған. Ол Экология Департаментіне дер кезінде хабарланды. Экология департаменті тексеріс жүргізді. «Ембімұнайгаз» АҚ барлық штрафтарды төледі. Содан кейін және қазіргі уақытта Терең Өзек кен орнында май төгілу фактісі, авария фактісі болған жоқ және қазір де жоқ.	Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.
9	<i>Ідірісқызы Г., Қоғамдық Кеңес мүшесі:</i>  Сіздер «Варо Оперейтинг» компаниясына Батыс Прорвадан газ беру жобаладыңыз. Қашан олардың жұмыстары басталады екен? Сіздер Жылыой ауданынан жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру жөнінде ұсыныс берсеңіздер, сол ұсыныс бойынша біздер аудандық кеңестен мекемемен кездестіру жөнінде хат жіберейік. Себебі Жылыой аудан тұрғындарының жұмыссыздық саны көбейуде.	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Сұрағыңыз орынды. Ақпан айында «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қарасты әріптестеріміздің барлығын жинап, Жылыой аудан әкімінің орынбасары Айшуақова Гүлнәфис ханымның төрағалығымен кездесу өткіздік. Қазіргі таңда Құлсары қаласындағы «Мансап» жұмыспен қамту орталығымен меморандумға қол қою жұмыстары жүргізіліп жатыр. Кездескен әріптестеріміздің 3 мекеме меморандумға қол қою ниет білдіріп отыр, қалған мекемелер ұсыныстарын береді. Сіздің сұрағыңыз бойынша Варро мекемесі егер жұмысын ақтап жатса, Сіздермен мекеменің басшысын кездестіруге жұмыстанамыз.	Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.
10	<i>Ідірісқызы Гүлмира, Құлсары қаласының тұрғыны:</i> Қоғамдық Кеңес атынан хат жолдайық. Сіздер кездестіруді ұйымдастырсаңыздар.	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Қоғамдық Кеңеспен кездестіруді ұйымдастыра алмаймыз. Тек әкімшілікпен және әріптестірімен кездестіре аламыз. Себебі бұларда жұмыс жасайтын мамандары арнайы мамандар болу керек. Егер сол мамандыққа сәйкес келетін мамандар болып жатса, жұмысқа қабылдайды деген ойдамын. Бірақ енді Варро мекемесінің басшылығына ескертеміз.	Сұраққа жауап алынды.
11	<i>Ідірісқызы Гүлмира, Құлсары қаласының тұрғыны:</i> «Мансап» жұмыспен қамту орталығымен меморандумға қол қоюға келісіп отырсыздар ма?	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Меморандумға әріптестеріміздің өздері «Мансап» жұмыспен қамту орталығымен меморандумға отырады. Яғни жергілікті халықты жұмысқа алу жөнінде. Оған қазір 3 мекеме шығып отыр.	Сұраққа жауап алынды.

12	<i>Ідірісқызы Гүлмира, Құлсары қаласының тұрғыны:</i> Сіздің аты-жөніңіз кім болады?	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Менің аты-жөнім: Қоданов Қайнар «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бастығымын	Сұраққа жауап алынды.
13	<i>Ідірісқызы Гүлмира, Құлсары қаласының тұрғыны:</i> Жаңа басында айтып едім, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ қарасты 12 кен орны бар деп. Соның ішінде Құлсары қаласына жақын орналасқан Құлсары кен орны бар. Тыңдалымды неге Құлсары қаласына өткізбеске қосымша.	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Ұсыныстарыңызды қабылдадық. Облыстық әкімшілік шешеді. Қазіргі таңда ең жақын орналасқан ауыл Қосшағыл ауылы болып тұр. <i>Абитова С., «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің басшысы:</i> Қоғамдық тыңдауды өткізу ережелерінде: Қоғамдық тыңдау ең жақын орналасқан елді-мекенде өткізілу шарт делінген. Сол бойынша ең жақын елді-мекен ретінде Қосшағыл ауылы болғасын, осы Қосшағыл аулына өткізіп отырмыз.  <i>Исмаганбетова Г., «ҚМГ Инжиниринг» АФ өкілі:</i> Қазір осы тыңдалымға Сіздіңде онлайн түрде Құлсары қаласынан қатысып отырғаныңыз саналады.	Сұраққа жауап алынды.
14	<i>Асель, онлайн қатысушы:</i> Залды көрсетіп жібересіздер ме?	<i>Исмаганбетова Г.Х., «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі:</i>  Залда регистрация бойынша 53 адам бар.	Зал көрсетілді.
15	<i>Арыстанова Г.,</i> Қоғамдық тыңдауды өткізу орнын белгілеу трула айтып өтсем. Қағидаға сай өткізу орны ең жақын елдімекенде өткізіледі. Ол «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан бізге түскен өтінім шеңберінде қаралатын болады. Ең жақын елдімекенді қалай белгілеп көрсетесіздер, сол жерге біз келісім береміз. Қағида талаптарына сай қай елдімекен жақын сол жерге өткізуге тиіссіздер.	<i>Исмаганбетова Г.Х., «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалының өкілі:</i>  Қабылданды. Ең жақын елдімекен Қосшағыл ауылы болғандықтан осы жерде өткізіліп отыр. Бұл жерде тек Қосшағыл ауылының тұрғындары емес Құлсары қаласынан да қатысушылар бар.	Сұраққа жауап алынды.
16	<i>Қабдығалиев А., Қосшағыл ауылы тұрғыны:</i> Қазылып кеткен ұңғымалардан аққан май топырақ бетіне шығып қатып жатыр. Қазір бәрін аралап келе жатырмын. Видеоға да түсірдім. Промысл ішіндегі ұңғымалардың қасы лас. Мұнай төгілген. Тонналап жатыр. Соны қалай тазалайсыздар? Ешкім НГДУ-да жұмыс жасамайды бізден бірақ соның уын жұтып отырмыз. Сол мәселені айтқым келген.	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i> Сұрағыңызға жауап берейін, Қосшағыл кен орны бойынша өндірістік бағдарламаға қаражат салынды. Оның мақсаты- тарихи ластанған жерлерге мониторинг жасап, оларды тазалау. Бюджет қаражатына сай тазалау жұмыстары толықтай жүргізіледі. Алдыңғы қоғамдық тыңдауларда да бұл мәселе көтерілді, ескі ПСН орын тазалау жөнінде, бұл жұмыстардың бәрін қолға алып	Сұраққа жауап алынды.

		жатырмыз. 1997 жылы бұзылған, әкімшілікке тапсырылған. Сол жердің барлығына мониторинг жасап тазалап береміз.	
17	<p><i>Қашабаев Т., зейнеркер:</i></p> <p>Әкем осы жерде мұнайшы болды. Республикада мұнай өнеркәсібін өркендету саласында сіңірген еңбегі үшін «Қазақ ССР-ң Еңбек сіңірген мұнайшысы» атағы берілген. Әкемнің аты жөні – Қашабаев Мұса. Құрмет орденімен 1959 жылы және Еңбектегі ерлігі үшін медалімен марапатталған. 1972-1973 жылдары Сарқамыс мекемесінен адамдар келіп қайтқан кісінің құжаттарын мұрағатқа тапсырамыз деп алып кеткен. Сол құжаттарды іздестіріп қарауларыңызды сұраймын. Ата-бабаларымыз ұмытылып бара жатыр. Соларды ұрпаққа жеткізіп отырсақ.</p> <p>Сонымен қатар Мүсіев Данияр деген балам жұмыссыз, колледж бітірген дипломы бар № 3-ші разрядты мұнай және газ алатын оператор. Сол балама жұмыс қарастырсаңыздар.</p>		Газеттегі материалдар қосымшада.
18	<p><i>Байжумиев А., Қосшағыл ауылы тұрғыны:</i></p> <p>Ауылда тазалық жұмыстарын жүргізу үшін техника сұрағымыз келеді.</p>	<p><i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i></p> <p>Ауыл әкімінің атынан хат келген. Сол тазалық жұмыстарына техникамен көмектесу жөнінде. Қазіргі таңда Терең Өзек кен орнында су басу қаупі бар жерлерде жұмыс жасап жатырмыз. Сол жұмыс біткеннен кейін көмектесеміз. Жыл сайын көмектесіп келе жатырмыз, көмек береміз. Сәл күте тұрасыздар, көмектесеміз.</p>	Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.
19	<p><i>Ермұханова Қ., зейнеркер:</i></p> <p>Ауыл жастарын жұмысқа аласыздар ма? Балаларымыздың дипломы үйде жатыр. Өткенде терең Өзек бойынша да осындай жиналыс болды. Одан да сұрадық, жұмысқа аласыздар ма деп. Ол кісі бір жүргізуші алдық деді. Ол құлсарының адамы. Құлсары тұрғынын жұмысқа алады, Қосшағылдан алмайды. Бала деген босып жүр, жұмыс жоқ. Балаларым қанғып жүр. Сол балаларымызды жұмысқа алуға қалай қарайсыздар. Бәрі оқу бітірген. Алтын алқалы анамын. Мұнайшы болып жұмыс жасадым, Жолдасым да мұнайшы болған.</p>	<p><i>Нұрғалиев С., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы өкілі:</i></p> <p>Жұмыссыздық туралы мәселеге жауап берейін. Көтеген қоғамдық тыңдаулар өтті. Біздерде жұмысқа алудың өз тәртібі бар. Мен әр келген сайын оны сіздерге түсіндіріп айтамын. 2025 жылы да жастар осылай ұсыныс берді, олардың түйіндемелерін алып қалып, жұмысқа орналасу тәртібін түсіндірдік. «Ембімұнайгаз» мекемесінде <a href="http://www.emba.kz">www.emba.kz</a> сайты бар. Соған түйіндемелеріңізді тіркейсіздер. Сол жерде сіздердің квалификацияларыңыз, тәжірибелеріңіз сай келіп жатса, бос орын босағанда қарастырылатын болады. 2025 жылдың қазан айында қоғамдық</p>	Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.
20	<p><i>Мырзашев А., Қосшағыл ауылының тұрғыны:</i></p>		

	<p>Әлеуметтік сұрақ қояйын деп едім. Бұл енді талап емес, ұсыныс. Батыс Прорва кен орнына қарай «Варро» деген мекеме бар. Сіздерден шыққан газды өңдеп Опорныйға жіберіп отыр. Сол Батыс Прорва кен орнындағы басшылардың қойған талабы Қосшағылдан және Опорныйдан 20 адам жұмысқа алыңыздар деп ұсыныс қалдырған екен. Бәріміз жұмыссызбыз, квалификациямызға қарай жұмыс қарасаңыздар деген ұсыныс.</p>	<p>тыңдау өтті. Ауыл жастары осылай резюмесін тапсырды. Соның ішінен Сайлауов Ақылбек деген азамат, осы ауыл тұрғыны 2 аптадай болды жұмысқа орналасты. Ол да базаға тіркелді, тест тапсырып, эксковатор-погрузчик мамандығымен орналасты. Сіз айтып жатырсыз, келіп кіре алмай кеттім деп, жалпы бізде басқарма басшысының қабылдайтын күндері бар. Ол айдың соңғы аптасының үшінші, төртінші күндері қабылдаймыз. Ал менің өзіме келетін болсақ, мен бос болсам, міндетті түрде қабылдаймын. 12-ші наурыз күні түске дейінгі сағат онды белгілейік. Бізде <a href="http://www.emba.kz">www.emba.kz</a>, <a href="https://qsamruk.kz/">https://qsamruk.kz/</a> сайттары жұмыс жасап тұр. Жұмысшыларды сол базадан іздейміз. Қандай мамандық түрлеріне тіркелгендеріңізді де қарау керек. Оператор орны босаса ішкі резервті қараймыз, онда сәйкес болмаған жағдайда сыртқа шығарамыз. Сіздерді сол 12-сі күні келсеңіз қайда тіркелгеніңізді қарайық. Сол жерде толық ақпарат беретін боламын.</p>	
21	<p><i>Досанов А., Қосшағыл ауылының тұрғыны:</i></p> <p>Қоғамдық тыңдауларға көптен бері қатысып жүрмін. Ашығына келгенде көп жастар жұмыссыз болған соң осы жерге келіп отыр. Жобаны да тыңдап отыр, бірақ әңгіменің төркініне келгенде жұмыссыздық мәселесі қинап тұр. Өзүм 94-ші жылғымын, анам зейнеткер, әкем өмірден ерте өтіп кетті, үш баланың әкесімін. Отбасын асыраушы жалғыз өзіммін. Жасым 32-де болса да көп тәжірибесі бар жүргізушімін. Категорияларым бар. Санат мырза, бізге түйіндемені басқармаға әкеліп тапсырыңыз деп өзіңіз айттыңыз. Бірақ сол басқармаға баратын бір күнді белгілесеңіз жақсы болар еді. Біз бәріміз бір күнде барып түйіндемеңізді берсек. Сізге бірнеше рет бардым, сізбен кездесе алмай кеттім. Түсінемін, сіз жиналыстасыз, басқа да жұмыстарыңыз бар. Осы жерден түйіндемені алмасаңыздар белгілеген күні апарып тапсырайық. Тағы бір нәрсені сұрағым келеді. 2024-2025 жылдары аралығында Қосшағыл ауылынан жұмысқа орналасқан адамдар бар ма? Мен базада тіркеліп тұрмын.</p>		
22	<p><i>Мырзашев А., Қосшағыл ауылының тұрғыны:</i></p> <p>Менің де базаға тіркелгеніме алты жыл болды. Мен мұнай саласын бітірген болатынмын. Мұнай-газ ісі мамандығы бойынша. Көп жылдан бері бақылап келе жатырмын. Мұнай-газ операторының 3-ші разряды 2019 жылы ғана шықты. Одан кейін болмаған. «Варро» мекемесіне ауыл жастарын жұмыспен қамту жөнінде ұсыныс тастасаңыздар. Слесарьға алып жатырғанын естідік, ауыл жастарының барлығы қоладрына кілт ұстап біледі, оған квалификация қарай ма қарамай ма білмеймін. Бірақ техникалық жағынан жігіттер жақсы. Соны қарастырсаңыздар.</p>	<p><i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i></p> <p>«Варро» мекемесінің басшылығымен кездесеміз, сіздердің ұсыныстарыңызды айтамыз.</p>	<p>Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.</p>
23	<p><i>Қабдығалиев А., Қосшағыл ауылы тұрғыны.</i></p> <p>Ауылдың жанында бұрғылау болып жатыр. Жеңіп алған ресейліктер ме? Оларға ешқандай талап жоқпа, Осы ауыл адамдарын жұмысқа алу жоқ па? Сіздерден ұсыныс тасталды ма? Крандары бар екен, мен кран жүргізушімін.</p>	<p><i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i></p> <p>Бұрғылау жұмысын жүргізіп жатқан «CASPIAN INTEGRATED SERVICES» деген қазақстандық компания. Бұл компанияға</p>	<p>Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.</p>

	<p>Жұмыссызбын. Сіздер неге талап қоймайсыздар. Мысалы Ақтөбеде мұнай шықса, сол жедің халқы көтеріліп, жұмысқа тұрғындар алынады, Маңғыстауда да солай. Осы жаққа Ақтаудан жұмысқа келіпті. Мұнайдың үстінде отырып неге біз жұмыссызбыз? Ашуын келеді, у жұтып отырып, жұмыссызбыз. Неге біз жұмыссыз боламыз? Ешқандай нәтиже жоқ.</p>	<p>жұмысқа кіргізу қиын. Себебі, жаңа технологиямен қазылып жатыр. Оған оқытылған арнайы мамандармен жұмыс жасап жатыр. Осы жерде 2 ұңғыманы қазады, жұмысын аяқтағаннан кейін кетеді. 10 күннен кейін жұмысы бітеді. Автокран сол мекеменікі, машинистер де өздерінің жұмысшылары. Штаттары толық болуына байланысты жұмысқа ала алмайды, жалпы бұл компаниямен сойлескенбіз.</p>	
24	<p><i>Қабдығалиев А., Қосшағыл ауылы тұрғыны.</i></p> <p>Сіздер неге талап қоймайсыздар. Мысалы Ақтөбеде мұнай шықса, сол жедің халқы көтеріліп, жұмысқа тұрғындар алынады, Маңғыстауда да солай. Осы жаққа Ақтаудан жұмысқа келіпті. Мұнайдың үстінде отырып неге біз жұмыссызбыз? Ашуын келеді, у жұтып отырып, жұмыссызбыз. Неге біз жұмыссыз боламыз? Ешқандай нәтиже жоқ.</p>	<p><i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i></p> <p>Жылыой ауданында мансап қызметі бойынша біздің бизнес партнерлермен кездестірдік. Меморандум жасалады. Оның міндеті- жергілікті халықты жұмысқа алу. Мекеменің мүддесі де сол. Бірінші кезекте жергілікті мамандарды алады. 2 жылдың ішінде жылыой ауданынан сәйкес мамандықтары бойынша 21 адам жұмыспен қамтамасыз етілді. Бұл жұмыс ары қарай жалғасын табады. Бизнес партнерлерден жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етуді сұрадық. Бұл Жылыой ауданы әкімшілігінің толықтай бақылауында.</p>	<p>Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.</p>
25	<p><i>Қабдығалиев А., Қосшағыл ауылы тұрғыны.</i></p> <p>Сіздер талап ете алмайсыздар, тек ұсыныс бересіздер ме?</p>	<p><i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i></p> <p>Әр мекеменің мамандандырылған специалистері болады. Мысалы, газ құбырын тарту кезінде арнайы мамандары болады. Егер сіздің квалификацияңыз, тәжірибеңіз сәйкес келсе, мекеме жұмысқа алады. Бізде қазір мұнай тасымалдайтын мекеме бар, оның 80 пайызы жергілікті тұрғындар. Сол мекеме де меморандумға қол қояды. Жүргізуші керек болса, жұмысқа алынуға мүмкіндік бар.</p>	<p>Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.</p>
26	<p><i>Еркінов Ж., Қосшағыл ауылдық округі әкімі:</i></p> <p>«BJ Services» мекемесіне де <a href="http://www.emba.kz">www.emba.kz</a> сайты арқылы тіркеле ме? Осында бірталай қоғамдық тыңдау өтті. НГДУ-дың өзіне кірмесе де, мердігер мекемелеріңізге жұмысқа ұсынсаңыздар. Оларға жұмысқа алу сіздердің қолдарыңыздан келеді. Тікелей талап ете алмаймыз дегенмен де сіздердің</p>	<p>Ұсыныс қабылданды.</p> <p><i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» басқармасы басшысы:</i></p> <p>Жоқ, олар өздері қабылдайды. Бізге келген мердігер мекеме өз мамандарымен келіп жұмыс жасайды. Мекеме келісім-шарт алғанымен бұл мердігер мекемелер</p>	<p>Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.</p>

	қолдарыңыздан келеді. Осы ұсынысты хаттамаға тіркесеңіздер. 80 мың халқы бар ауданнан 21 адамды жұмыспен қамту өте аз.  «Варро» мекемесінен бос орындар бойынша хат келді. Маған келген ақпарат бойынша Қосшағылдан екі адам жұмысқа кірді.	өздерінің мамандарымен бірге келеді. Егер қосымша мамандар қажет болған жағдайда ұсыныспен шығады. Бұл мекеме бос штатпен келмейді, өз мамандарымен, өздерінің техникаларымен келеді. Бірақ жұмыстың көптігі болып егер қосымша күш керек болып жатса, қосымша штат ашып, арнайы мамандарды жұмысқа алады.	
27	<i>Еркінов Ж., Қосшағыл ауылдық округі әкімі:</i> Тұрғындардың арасында да, чатта да көтерілетін сұрақтарды айтып жіберейін: ауылшымыздың жанынан бұрғыланып жатыр неге сол жерге жұмысқа алмайды деп. Жаңа Қайнар мырза айтып кеткендей бұл мекемелер өз жұмыстарын 10-12 күнің ішінде бітіреді деп тұр. Ол мекемелер дайын штатпен келеді де 10-12 күн жұмысын жасап кетеді. Ал егер Сіздер кірсеңіздер де сол жерде 10-12 күн жұмыс жасағанан кейін жұмыс біткесін жұмыстан босатыласыз. Келесі мәселе бұйырса биыл 2026 жыл Қосшағыл ауылынан мұнай табылғанына 100 жыл. 2025жылы әкімшіліктің атынан ұсыныс беріп едім. Осы Қосшағыл ауылынан мұнайды тапқан Бейшім атамыз. Осы ауылда сол кісіге арналған саябағы бар. Оны осы өздеріңіз 2005 жылы 70 жылдықта салғансыздар. Содан бері жеңіл желпі жөндеу жұмыстары жасалған. Сол саябақты толықтай жаңартып берсеңіздер деген ұсынысым бар. Сонымен қатар, ауылымызды толықтай тазартып алуға ауыр техникалармен көмектесеңіздер!	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Ұсыныс қабылданды.	Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.
28	<i>Ергалиев Б., Шоқпартоғай ауылының тұрғыны, зейнеткер:</i> Жаңа өздеріңіз айтқандай бұрғылау мекемелері келіп 10-12 күн жұмыс жасап кетеді деп жатырсыздар. Сол бұрғылау кезінде мұнай шығып жатса қосымша штат ашылып адамдарды жұмысқа алады деген үміт бар ма?	<i>Қоданов Қ., «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ басшысы:</i> Қазіргі таңда Қосшағылдың штаты толықтай қамтылған. Сондықтан қосымша штат ашылмайды. Өндіріскен кеткен шығын өзін ақтай алмай жатыр.	Сұраққа жауап алынды. Жобаға қатысы жоқ.
29	<i>Қарашев Ж., Құлсары қаласының тұрғыны:</i> Қауіпті қалдықтарды қайда жібересіздер?	<i>Абитова С., «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің басшысы:</i> Өндірісте түзілетін қауіпті қалдықтарды арнайы медігер мекемемен келісім-шарт бойынша арнайы полигондарына залалсыздандырады. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кен орындары бойынша қауіпті қалдықтарды залалсыздандыратын «ЭкоСад» мекемесі.	Сұраққа жауап алынды.
